

"2012 жылға Тайынша ауданы бойынша субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарын әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері мен субсидия алушылардың тізіміне қосуға құжаттар қабылдау мерзімдерін айқындау туралы" аудан әкімдігінің 2012 жылғы 24 сәуірдегі N 341 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 15 маусымдағы N 446 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 29 маусымда N 13-11-235 тіркелді. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімі аппаратының 2013 жылғы 03 қаңтардағы N 02.10-07-02-02 хаты)

Ескерту. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімі аппаратының 03.01.2013 N 02.10-07-02-02 хаты)

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 2-тармағына, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. «2012 жылға Тайынша ауданы бойынша субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарын әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері мен субсидия алушылардың тізіміне қосуға құжаттар қабылдау мерзімдерін айқындау туралы» аудан әкімдігінің 2012 жылғы 24 сәуірдегі № 341 қаулысына (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің 2012 жылғы 8 мамырдағы № 13-11-233 Мемлекеттік тізілімінде тіркелген, 2012 жылғы 18 мамырдағы «Тайынша таңы» және 2012 жылғы 18 мамырдағы «Тайыншинские вести» газеттерінде жарияланған) келесі мазмұндағы өзгеріс енгізілсін:
кіріспе жана редакцияда баяндалсын:

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 Қаулысымен бекітілген өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау Қағидасының 12-тармағына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:».**

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
откен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

И. Турков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК